Келісемін
Павлодар қаласының
білім беру бөлімінің басшысының м.а.
____________ А.К.Маликова
2022 жылғы « 17 » қазан

Бекітемін
«Павлодар қаласының
№40 жалпы орта білім беру
мектебі» КММ директоры
____________ Қ.А.Мәуленқұлов
2022 жыл « 17 » қазан

# ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫ

**«Павлодар қаласының
№40 жалпы орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2022-2023 оқу жылы**

# РАБОЧИЕ УЧЕБНЫЕ ПЛАНЫ

**Коммунальное государственное учреждение
«Средняя общеобразовательная школа
№40 города Павлодара»
2022-2023 учебный год**

# ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

Павлодар облысы білім еру басқармасы, Павлодар қаласының білі беру бөлімінің «Павлодар қаласының №40 жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің (ары қарай – мектеп) 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» (ары қарай – стандарт), «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) (ары қарай – Үлгілік оқу жоспарлары), «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы №614 бұйрығымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) және «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген), Павлодар облысының білім беру басқармасы басшысының қалалар мен аудандардың білім бөлімдерінің, облыстық мамандандырылған мектептердің, құрылымдық ұйымдардың басшыларымен 2018 жылғы 6 сәуірде өткізген жиналыс хаттамасына негізінде жасалған.

Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жоспары 12 жылдық оқу бағдарламасына негізделген.

- мектепалды даярлық сыныбы;
- 1-сыныптан 11-сыныпқа дейін.

Мектептің оқу жоспарының құрылымында мыналар белгіленген:

1. Мектептегі базалық білім мазмұнының өзегін көрсететін инварианттық оқу жүктемесі.
2. Білім алушылардың мүдделігі мен қабілеттеріне сәйкес олардың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған вариативтік оқу жүктемесі. Білім беру салаларында белгіленген пәндерді оқытуға, жаңа оқу курстарын, факультативтерін енгізуге, дамытушылық сипаттағы дара және топтық сабақтар жүргізуге пайдаланылады.

Мектепте «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес мектепалды даярлық деңгейі, 2-қосымшасына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері іске асырылады.

Сонымен қатар, мектепте «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары жүзеге асырылады.

Жұмыстық оқу жоспарлары мектептің педагогикалық кеңесі отырысында қарастырылып, 2022 жылғы 26 тамыздағы №1 хаттамасымен мақұлданды.

Мектепте пайдалануға рұқсат етілген оқу басылымдарының тізбесі «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР БжҒМ-нің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен анықталған.

Мектеп Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 40 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде білім беру процесін іске асырады.

**Мектепалды даярлық деңгейі (5 жастағы балалар)**

Мектепалды даярлық сыныбының жұмыс оқу жоспары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығының 3-қосымшасы негізінде жасалған.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

***«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті*** аптасына үш сағат білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

***Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері*** аптасына екі сағаттан мектептің кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектепалды даярлық сыныбында ***Сауат ашу негіздері*** аптасына үш сағат өткізіледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

***Математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті*** аптасына үш сағат өткізіледі. Мектеп алды даярлық балалары үшін күн сайын танымдық, зерттеу әрекетін ұйымдастыруға болады. Мұнда математикалық ұғымдарды (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) бекіту үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беріледі.

***Қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған іс-әрекеті*** аптасына екі сағат өткізіледі. Мұнда объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын, еңбек және басқа да әрекеттер арқылы іске асырылады.

***Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру*** аптасына бір сағат жүргізіледі, ал ***шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті*** күн сайын балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастырылады және мұнда бірнеше іс-әрекет түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір іс-әрекет түрімен айналысуына болады.

***«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті*** мектепалды даярлық сыныптарында аптасына екі рет сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

**Бастауыш білім беру деңгейі (1-4 сыныптар)**

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен

кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бойынша жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі сыныптардың жұмыс оқу жоспары Үлгілік оқу жоспарларының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 сентября 2022 года №412 бұйрығы) қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін 1-қосымшасының, орыс тілінде оқытатын сыныптар үшін 2-қосымшаның негізінде жасалды.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі сыныптардың барлығы ***жалпы білім беретін сыныптар*** болып табылады және инварианттық компоненттегі мектептің бастауыш білім берудің базалық компоненті толық сақталады. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптардағы вариативтік компонентте берілген дамытушылық сипаттағы жеке және топтық сабақтар есебінен 1-4 сыныптарға «Қызықты математика» факультативін оқыту жүзеге асырылады. Бұл факультаттивті оқыту барысында негізінен қиын пән болып саналатын математика пәніне білім алушыларды қызықтыру басым мақсат болып табылады.

**Негізгі орта білім беру деңгейі (5-9 сыныптар)**

Негізгі орта білім беру деңгейі мазмұны негізінен аяқталған болып саналады және білім алушылардың әрі қарай білім берудің одан арғы бейінін таңдауға, кәсіптік бағдарын айқындауға дайындау үшін жағдай жасалынады.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі сыныптарды:

- жалпы білім беретін сыныптар;
- гимназиялық сыныптар;
- түзету сыныптары құрайды.

Жалпы білім беретін сыныптардың жұмыс оқу жоспары Үлгілік оқу жоспарларының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 сентября 2022 года №412 бұйрығы) қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін 6-қосымшасының, орыс тілінде оқытатын сыныптар үшін 7-қосымшаның негізінде жасалды.

Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне сәйкес 5-9 сыныптарға «Жаһандық құзыреттер» курсы берілген. 5-8 сыныптарда апталық жүктемесі 0,5 сағатты құрайтын «Жаһандық құзыреттер» курсы бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика»,«Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет». «Жаһандық құзыреттер» курсы есебінен 9-сыныпқа апталық жүктемесі 1 сағатты құрайтын «Зайырлылық және дінтану» юниті берілді.

Орыс тілінде оқытатын 5 «г» гимназия сыныбындағы жұмыс оқу жоспары Үлгілік оқу жоспарының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 сентября 2022 года №412 бұйрығы) 20-қосымшасына сәйкес және мектептің 2022 жылғы 26 тамыздағы №1 педагогикалық кеңес шешімінің негізінде жасалды.

Бұл сыныпта мектептің жалпы білім берудің базалық компонентін толық сақтай отырып, Мектепті дамыту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында білім алушылардың ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру үшін гимназиялық компонент есебінен 1 сағат «Робот техникасы» арнайы курсын, 1 сағат «Киелі-қасиетті жерлер» арнайы курсын, 2 сағат «Жалпы экология» арнайы курсы жүзеге асыру көзделген. Бұл арнайы курстарды оқыту барысында мектептің бір бағыты болып табылатын экологиялық мәселелерді толық қамту мен өлкетану мәселелерін ұштастыру үшін Қазақстан Республикасының киелі-қасиетті жерлері мен экологиясына назар аударылады.

Түзету сыныптарының жұмыс оқу жоспары Үлгілік оқу жоспарларының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 сентября 2022 года №412 бұйрығы) орыс тілінде оқытатын сыныптар үшін 10-қосымшаның 6-тарауы негізінде жасалды.

Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне сәйкес 7 «д», 9 «г» сыныптарға «Жаһандық құзыреттер» курсы берілген. Мұнда да апталық жүктемесі 0,5 сағатты құрайтын «Жаһандық құзыреттер» курсы бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика»,«Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет». «Жаһандық құзыреттер» курсы есебінен 10 «в» сыныпқа апталық жүктемесі 1 сағатты құрайтын «Зайырлылық және дінтану негіздері» юниті берілді.

Түзету компонентіндегі 2 сағат әлеуметтік-тұрмыстық бағдарға бағытталса, білімдегі олқылықтарды толтыру бойынша жеке және кіші топтық сабақтарға берілген 3 сағаттан «Қазақ тілінің грамматикасы» факультативіне 1 сағат, «Математика: логикалық есептер» факультативіне 1 сағат, «Өзін-өзі тану» курсына 1 сағат берілді. «Қазақ тілінің грамматикасы» факультативі мен «Математика: логикалық есептер» факультативі білім алушылардың инварианттық компоненттегі білімдерін толықтыруға, дамытуға арналса, түзету сыныптарындағы білім алушыларды әлеуметтендіру мақсатында «Өзін-өзі тану» курсы жүргізіледі.

**Жалпы орта білім беру деңгейі (10-11 сыныптар)**

10-11-сынып бағдарламасы толық қазақ тілінде және орыс тілінде оқытылатын оқу жоспарына сәйкес оқытылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің негізгі мақсаты – білім алушылардың жекелеген пәндерден жоғарғы дәрежедегі білім алуы, мектептің алған бағытында және бағдарлы пәндерден білім беру стратегиясы мазмұнын байыту және интенсификациялау негізінде қосымша курстар оқыту; даралап және саралап оқыту негізінде ғылыми-зерттеушілікке және шығармашылыққа дағдыландыру, өздігінен жұмыс істеуге машықтандыруды қалыптастыру және дамыту, білім алушыларды жекелеп оқыту бағдарламасын құру.

Жалпы орта білім беру деңгейінің Үлгілік оқу жоспарларының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 сентября 2022 года №412 бұйрығы) қазақ тілінде оқытатын 10-сынып үшін 86-қосымшаның, орыс тілінде оқытатын 10-сынып үшін 88-қосымшаның, қазақ тілінде оқытатын 11-сынып үшін 22-қосымшаның, орыс тілінде оқытатын 11-сынып үшін 24-қосымшаның негізінде жасалды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі сыныптарды ***жаратылыстану-математикалық бейін бойынша бейіндік оқыту*** құрайды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі 10-сыныптардағы инварианттық компонентте мектептің жалпы білім берудің базалық компоненті толық сақталады. Вариативтік компоненттегі «Жаһандық құзіреттер» курсы «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» юнитіне берілген. Бұл курстың мазмұны білім алушыларда пән саласына қатысты дағдыларды, әлеуметтендіру дағдыларын, өздігінен білім алу және үздіксіз білім алу дағдыларын қалыптастырудың жүйелі процесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Вариативтік компонентте қазақ тілінде оқытатын сынып үшін элективтік курс қарастырылды. Вариативті компоненттегі «Жалпы экология» курсы оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытуға бағыттылған.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі 11-сыныптардағы вариативтік компонент инварианттық компоненттегі таңдау пәндерінен, «Жаһандық құзіреттер» курсынан, қазақ тілінде оқытатын сынып үшін элективтік курстардан тұрады. Вариативтік компоненттегі «Жаһандық құзіреттер» курсы «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» және «Қаржылық сауаттылық» юнитіне берілген.

Қазақ тілінде оқытатын 10-11 сыныптар үшін білім алушылардың шығармашылық құзіреттіліктерін қалыптастыру және дамыту, оларды қоғамдық және танымдық шығармашылыққа баулу, өмірлік көзқарастары мен ұстанымдарын жүйелі жеткізу дағдыларын дарыту мақсатында «Эссеистика» элективті курсын жүргізу көзделінген.

**Үйде жеке тегін оқыту**

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізу бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы мен психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиясының қорытындыларына сәйкес 5 білім алушыға үйде жеке тегін оқыту ұйымдастырылды.

Оларға «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 сентября 2022 года №412 бұйрығы негізінде жеке оқу жұмыс жоспарлары белгіленді.

- Яковлев Климентий, 3-сынып, Үлгілік оқу жоспарының 5-қосымшасының 9-тарауына сәйкес оқыту орыс тілінде жүргізілетін (арнайы оқу бағдарламасы) үйде жеке тегін оқыту оқу жұмыс жоспары;

- Пронина Ясмина, Үлгілік оқу жоспарының 5-қосымшасы 10-тарауына сәйкес оқыту орыс тілінде жүргізілетін (жеңіл ақыл-ой кемістігі бар) үйде жеке тегін оқыту оқу жұмыс жоспары;
- Борисенко Владислав, 5-сынып, Үлгілік оқу жоспарының 10-қосымшасы 9-тарауына сәйкес оқыту орыс тілінде жүргізілетін (арнайы оқу бағдарламасы бойынша) үйде жеке тегін оқыту оқу жұмыс жоспары;
- Козлова Миласлава, 7-сынып Үлгілік оқу жоспарының 10-қосымшасы 10-тарауына сәйкес оқыту орыс тілінде жүргізілетін (жеңіл ақыл-ой кемістігі бар) үйде жеке тегін оқыту оқу жұмыс жоспары;
- Сырбу Олег, 9-сынып, Үлгілік оқу жоспарының 10-қосымшасы 11-тарауына сәйкес оқыту орыс тілінде жүргізілетін (орташа ақыл-ой кемістігі бар) үйде жеке тегін оқыту оқу жұмыс жоспары.

**Мектепалды даярлық сыныбына арналған**
**мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары (5-жастағы балалар)**
**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға**
*(ҚР БжҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557бұйрығының (ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) 3-қосымшасы)*

| № | Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті | Аптасына өткізу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 сағат |
| | Дене шынықтыру | күн сайын | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас | күн сайын | |
| | Көркем әдебиет | | 2 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас | күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 сағат |
| | Қазақ тілі | күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | 3 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас, танымдық іс-әрекет | күн сайын | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 сағат |
| | Танымдық, зерттеу негіздері | күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | | 2 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу | күн сайын | |
| 6 | Сурет салу | | 1 сағат |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Шығармашылық әрекет, бейнелеу | күн сайын | |
| | Музыка | | 2 сағат |
| | Музыка | күн сайын | |
| 8 | Өлкетану | | 1 сағат |
| | **Апталық оқу жүктемесінің көлемі** | | **21 сағат** |

***"Өлкетану"** Павлодар облысының білім беру басқармасы басшысының қалалар мен аудандардың білім бөлімдерінің, облыстық мамандандырылған мектептердің, құрылымдық ұйымдардың басшыларымен 2018 жылғы 6 сәуірде өткізген жиналыс хаттамасына сәйкес берілді.

**Мектепалды даярлық сыныбына арналған**
**мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары (5-жастағы балалар)**
**Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға**
*(ҚР БжҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557бұйрығының (ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) 3-қосымшасы)*

| № | Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті | Аптасына өткізу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 сағат |
| | Дене шынықтыру | күн сайын | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас | күн сайын | |
| | Көркем әдебиет | | 2 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас | күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 сағат |
| | Қазақ тілі | күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | 3 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас, танымдық іс-әрекет | күн сайын | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 сағат |
| | Танымдық, зерттеу негіздері | күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | | 2 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу | күн сайын | |
| 6 | Сурет салу | | 1 сағат |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Шығармашылық әрекет, бейнелеу | күн сайын | |
| | Музыка | | 2 сағат |
| | Музыка | күн сайын | |
| 8 | Өлкетану | | 1 сағат |
| | **Апталық оқу жүктемесінің көлемі** | | **21 сағат** |

***"Өлкетану"** Павлодар облысының білім беру басқармасы басшысының қалалар мен аудандардың білім бөлімдерінің, облыстық мамандандырылған мектептердің, құрылымдық ұйымдардың басшыларымен 2018 жылғы 6 сәуірде өткізген жиналыс хаттамасына сәйкес берілді.

**БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІ (1-4-сынып)**
**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға**
*(ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 1-қосымшасы)*

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | Жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1а | 2а | 3а | 4а | апталық | жылдық |
| **Инварианттық компонент** | | | | | | | |
| ***I*** | ***Тіл және әдебиет*** | ***6*** | ***11*** | ***11*** | ***11*** | ***39*** | ***1398*** |
| 1 | Әліппе, Ана тілі | 6 | | | | 6 | 210 |
| 2 | Қазақ тілі | | 4 | 4 | 4 | 12 | 432 |
| 3 | Әдебиеттік оқу | | 3 | 3 | 3 | 9 | 324 |
| 4 | Орыс тілі (Я2) | | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 5 | Ағылшын тілі | | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| ***II*** | ***Математика и информатика*** | ***4,5*** | ***5*** | ***6*** | ***6*** | ***21,5*** | ***769,5*** |
| 6 | Математика | 4 | 4 | 5 | 5 | 18 | 644 |
| 7 | Цифрлық сауаттылық | 0,5 | 1 | 1 | 1 | 3,5 | 125,5 |
| ***III*** | ***Жаратылыстану*** | ***1*** | ***1*** | ***2*** | ***2*** | ***6*** | ***215*** |
| 8 | Жаратылыстану | 1 | 1 | 2 | 2 | 6 | 215 |
| ***IV*** | ***Адам және қоғам*** | ***1*** | ***1*** | ***1*** | ***1*** | ***4*** | ***143*** |
| 9 | Дүниетану | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 143 |
| ***V*** | ***Технология және өнер*** | ***3*** | ***2*** | ***2*** | ***2*** | ***9*** | ***321*** |
| 10 | Музыка | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 143 |
| 11 | Көркем еңбек | | 1 | 1 | 1 | 3 | 108 |
| 12 | Еңбекке баулу | 1 | | | | 1 | 35 |
| 13 | Бейнелеу өнері | 1 | | | | 1 | 35 |
| ***VI*** | ***Дене шынықтыру*** | ***3*** | ***3*** | ***3*** | ***3*** | ***12*** | ***429*** |
| 14 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 12 | 429 |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | | **18,5** | **23** | **25** | **25** | **91,5** | **3275,5** |
| **Вариативтік компонент** | | | | | | | |
| **Дамытушылық сипаттағы жеке және топтық сабақтар** | | **1** | **1** | **1** | **1** | **4** | **143** |
| 1 | Қызықты математика | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 143 |
| **Вариативтік оқу жүктемесі** | | **1** | **1** | **1** | **1** | **4** | **143** |
| **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | | **19,5** | **24,0** | **26,0** | **26,0** | **95,5** | **3418,5** |

## БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІ (1-4-сынып)

**Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға**

*(ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 2-қосымшасы)*

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | | | | | | | | | | | | Жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1б | 1в | 1г | 2б | 2в | 2г | 2д | 3б | 3в | 3г | 4б | 4в | 4г | 4д | 4е | апталық | жылдық |
| | | **Инварианттық компонент** | | | | | | | | | | | | | | | | |
| *I* | ***Тіл және әдебиет*** | *8* | *8* | *8* | *12* | *12* | *12* | *12* | *12* | *12* | *12* | *13* | *13* | *13* | *13* | *13* | *160* | *5736* |
| 1 | Букварь, сауаттылыққа оқыту | 6 | 6 | 6 | | | | | | | | | | | | | 18 | 630 |
| 2 | Орыс тілі | | | | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 44 | 1584 |
| 3 | Әдебиеттік оқу | | | | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 33 | 1188 |
| 4 | Қазақ тілі | 2 | 2 | 2 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 43 | 1542 |
| 5 | Ағылшын тілі | | | | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 22 | 792 |
| *II* | ***Математика и информатика*** | *4,5* | *4,5* | *4,5* | *5* | *5* | *5* | *5* | *6* | *6* | *6* | *6* | *6* | *6* | *6* | *6* | *75,5* | *2704,5* |
| 6 | Математика | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 63 | 2256 |
| 7 | Цифрлық сауаттылық | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 12,5 | 448,5 |
| *III* | ***Жаратылыстану*** | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *2* | *2* | *2* | *2* | *2* | *2* | *2* | *2* | *21* | *753* |
| 8 | Жаратылыстану | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 21 | 753 |
| *IV* | ***Адам және қоғам*** | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *1* | *14* | *501* |
| 9 | Дүниетану | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 14 | 501 |
| *V* | ***Технология және өнер*** | *3* | *3* | *3* | *2* | *2* | *2* | *2* | *2* | *2* | *2* | *2* | *2* | *2* | *2* | *2* | *31* | *1107* |
| 10 | Музыка | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 14 | 501 |
| 11 | Көркем еңбек | | | | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 11 | 396 |
| 12 | Еңбекке баулу | 1 | 1 | 1 | | | | | | | | | | | | | 3 | 105 |
| 13 | Бейнелеу өнері | 1 | 1 | 1 | | | | | | | | | | | | | 3 | 105 |
| *VI* | ***Дене шынықтыру*** | *3* | *3* | *3* | *3* | *3* | *3* | *3* | *3* | *3* | *3* | *3* | *3* | *3* | *3* | *3* | *42* | *1503* |
| 14 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 42 | 1503 |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | | **20,5** | **20,5** | **20,5** | **24** | **24** | **24** | **24** | **26** | **26** | **26** | **27** | **27** | **27** | **27** | **27** | **370,5** | **13276,5** |
| | | **Вариативтік компонент** | | | | | | | | | | | | | | | | |
| **Дамытушылық сипаттағы жеке және топтық сабақтар** | | | | | | | | | | | | | | | | | 0 | 0 |
| **Вариативтік оқу жүктемесі** | | | | | | | | | | | | | | | | | **0** | **0** |
| **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | | **20,5** | **20,5** | **20,5** | **24,0** | **24,0** | **24,0** | **24,0** | **26,0** | **26,0** | **26,0** | **27,0** | **27,0** | **27,0** | **27,0** | **27,0** | **370,5** | **13276,5** |

## НЕГІЗГІ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІ (5-9-сынып)

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға**

*(ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 6-қосымшасы)*

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | | | Жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5а | 6а | 7а | 8а | 9а | 9ә | апталық | жылдық |
| | **Инварианттық компонент** | | | | | | | | |
| ***I*** | ***Тіл және әдебиет*** | ***11*** | ***11*** | ***11*** | ***11*** | ***11*** | ***11*** | ***66*** | ***2376*** |
| 1 | Қазақ тілі | 3 | 3 | 3 | 2 | 2 | 2 | 15 | 540 |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 2 | 2 | 2 | 3 | 3 | 3 | 15 | 540 |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 18 | 648 |
| 4 | Ағылшын тілі | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 18 | 648 |
| ***II*** | ***Математика и информатика*** | ***6*** | ***6*** | ***6*** | ***6*** | ***6*** | ***6*** | ***36*** | ***1296*** |
| 5 | Математика | 5 | 5 | | | | | 10 | 360 |
| 6 | Алгебра | | | 3 | 3 | 3 | 3 | 12 | 432 |
| 7 | Геометрия | | | 2 | 2 | 2 | 2 | 8 | 288 |
| 8 | Информатика | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 216 |
| ***III*** | ***Жаратылыстану*** | ***2*** | ***2*** | ***7*** | ***8*** | ***8*** | ***8*** | ***35*** | ***1260*** |
| 9 | Жаратылыстану | 2 | 2 | | | | | 4 | 144 |
| 10 | Физика | | | 2 | 2 | 2 | 2 | 8 | 288 |
| 11 | Химия | | | 1 | 2 | 2 | 2 | 7 | 252 |
| 12 | Биология | | | 2 | 2 | 2 | 2 | 8 | 288 |
| 13 | География | | | 2 | 2 | 2 | 2 | 8 | 288 |
| ***IV*** | ***Адам және қоғам*** | ***3*** | ***3*** | ***3*** | ***3*** | ***4*** | ***4*** | ***20*** | ***720*** |
| 14 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 12 | 432 |
| 15 | Дүниежүзі тарихы | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 216 |
| 16 | Құқық негіздері | | | | | 1 | 1 | 2 | 72 |
| ***V*** | ***Технология және өнер*** | ***3*** | ***3*** | ***1*** | ***1*** | ***1*** | ***1*** | ***10*** | ***360*** |
| 17 | Музыка (Домбырада ойнау) | 1 | 1 | | | | | 2 | 72 |
| 18 | Көркем еңбек | 2 | 2 | 1 | 1 | 1 | 1 | 8 | 288 |
| ***VI*** | ***Дене шынықтыру*** | ***3*** | ***3*** | ***3*** | ***3*** | ***3*** | ***3*** | ***18*** | ***648*** |
| 19 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 18 | 648 |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | | **28** | **28** | **31** | **32** | **33** | **33** | **185** | **6660** |
| | **Вариативтік компонент** | | | | | | | | |
| **Жаһандық құзыреттер** | | **0,5** | **0,5** | **0,5** | **0,5** | **1** | **1** | **4** | **144** |
| **Элективті курстар** | | | | | | | | **0** | **0** |
| **Вариативтік оқу жүктемесі** | | **0,5** | **0,5** | **0,5** | **0,5** | **1** | **1** | **4** | **144** |
| **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | | **28,5** | **28,5** | **31,5** | **32,5** | **34,0** | **34,0** | **189,0** | **6804,0** |

**НЕГІЗГІ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІ (5-9-сынып)**
**Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға**
*(ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 7-қосымшасы)*

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | | | | | | | | | | Жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5б | 5в | 6б | 6в | 6г | 7б | 7в | 7г | 8б | 8в | 8г | 9б | 9в | апталық | жылдық |
| **Инварианттық компонент** | | | | | | | | | | | | | | | | |
| ***I*** | ***Тіл және әдебиет*** | ***12*** | ***12*** | ***12*** | ***12*** | ***12*** | ***12*** | ***12*** | ***12*** | ***12*** | ***12*** | ***12*** | ***12*** | ***12*** | ***156*** | ***5616*** |
| 1 | Орыс тілі | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 34 | 1224 |
| 2 | Орыс әдебиеті | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 31 | 1116 |
| 3 | Қазақ тілі мен әдебиеті | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 52 | 1872 |
